

пе связано, прежде всего, с его вкладом в общее дело.

Если преподаватель ставит цель: помочь слабым студентам, он образует разнородные группы, где обеспечивает возможность слабым студентам лучше подготовить задание. Если же слабый студент стесняется своего незнания, то тогда необходимо сделать так, чтобы он не был «одиноким»: в эту группу добавляют еще одного слабого студента, но не такого стеснительного. Вероятно и создание группы из слабых студентов, чтобы они занимались по разработанному для них плану и выполняли задания, предназначенные только им. Они смогут выходить на общее обсуждение со своими результатами и таким образом самоутверждаться в своих собственных глазах и глазах своих товарищей. Оптимальной считается группа из 4-6 человек. Конечно, в маленькой группе предоставляются наиболее благоприятные условия для активной речевой деятельности каждого ее члена. С точки же зрения получения новой информации и выдвижения новых идей маленькая группа оказывается менее эффективной. К материалу и заданиям для групповой работы можно предъявлять следующие общие требования:

1. Задания должны подходить для групповой работы, т.е. способствовать возникновению различных мнений и являться основой для обсуждения. Другими словами, задания должны быть проблемными, создавать определенное познавательное затруднение, предоставлять возможность для активного использования имеющихся знаний и являться импульсом к творческому мышлению, к поиску новых знаний и новых способов действия.

2. Задания должны иметь относительно высокую степень трудности.

3. Материал по своей структуре должен быть таким, чтобы его можно было разделить на самостоятельные единицы, над которыми смогут работать разные группы или отдельные учащиеся в рамках одной группы.

Подводя итоги вышесказанному, следует отметить, что комплексное использование инновационных технологий делает процесс обучения иностранным языкам более эффективным и разнообразным.

Также следует подчеркнуть, что инновационные технологии при обучении иностранным языкам в казахстанских вузах, безусловно, должны использоваться наряду с традиционными методами обучения, и решения по составу данных технологий и степени их активного применения должно приниматься ведущим преподавателем. Целью вузовского обучения иностранному языку является свободное владение выпускником иностранным языком для общения в своей будущей профессиональной сфере. Необходимым условием для этого следует считать такие принципы, как целостность, междисциплинарность, методологический плюрализм, открытость процесса познания, интеграция различного рода информации.

Преподавателям иностранных языков необходимо проявлять интерес к специальностям студентов обслуживаемых факультетов, быть в курсе основных достижений в соответствующих областях. Просить профилирующие факультеты и кафедры регулярно информировать их об актуальных вопросах профессии студентов.

Поиск наиболее эффективных путей интенсификации образовательного процесса в преподавании иностранных языков в казахстанских вузах должен носить непрерывный характер.

1. Marie – Noelle Lamy, Regine Hampel. Online communication in language learning and teaching. – New York, 2007. – P. 112-121.

2. Sandra J. Sauvignon. Communicative Language Teaching: State of the Art. \ TES

3. English for teachers. Quarterly. – Vol. 25. – No. 2. – P. 261 – 277.

Л.А. Дүйсеева

ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУДА ТУЫНДАЙТЫН КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры, жаңа технологиялардың озық үлгілерінің дамыған ғасыры. Уақыт талабына сай, жаңа технологияларды жоғары

оқу орындарында енгізу үрдісі өзінің алғашқы жемістерін де беріп қойған.

1990 жылдардың аяғында енгізілген мемлекет-

тік бағдарлама бойынша мемлекет қарамағындағы білім беру ошақтарын ақпараттандыру науқаны басталып кеткен болатын. Оның басты мақсаты – білім беру мекемелерін компьютерлік техникамен қамтамасыз ету еді.

Уақыт өте келе компьютермен бірге интернет ұғымы да келіп жетті. Қазіргі таңда көптеген мамандық иелері, соның ішінде оқытушылар да өткенге бір көз салып: «Қалайша біз компьютерсіз, интернетсіз өмір сүргенбіз?!» деп таң қалатын кездері аз емес. Шын мәнінде бұл сөздің жаны бар. Интернеттің пайда болуымен бірге білім әлемінде де айтарлықтай өзгерістер орын алды. Кітаптар парақтап, газет-журнал ақтармай-ақ, интернеттен іздеген дүниенді лезде-ақ тауып аласың. Интернеттен қажетті материалдар алуды айтпағанның өзінде, қашықтықтан оқыту, онлайн сабақтар, курстар, тіпті емтихандар мен сынақтардың өзін интернет арқылы тапсыру сияқты бағдарламалар да пайда болды.

Біздің Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытудың кредиттік технологиясына көшкелі бері қашықтықтан оқыту (distance learning) жүйесі жұмыс істей бастады. Бұл жүйе білімдерін жетілдіру мақсатында шетелдік жоғары оқу орындарында семестр ағымында оқуға кеткен студенттер үшін өте тиімді. Олар интернет қызметі арқылы өз оқытушыларынан тапсырмалар алып, жауаптарын жіберіп, қажетті бағаларын алып отырады.

Сонымен қатар, университетте интернет арқылы Универ бағдарламасымен жұмыс істеуге толық көшкеніміз барлығымызға белгілі. Бұл жүйемен жұмыс істеу бастапқы кезде техникалық ақауларға байланысты аздап қиындықтар тудырғанына қарамастан, қазіргі таңда оқытушы-студент-ата-ана арасында тығыз байланыс орнатқан жүйеге айналған. Бұдан басқа, Универ жүйесі арқылы студенттер университетте күнделікті болып жатқан барлық жаңалықтардан хабардар бола алады. Университет қалашығында студенттерге қызмет көрсететін интернет-залдардан бөлек Wi-Fi желісіз байланысы олардың жатақхана бөлмелерінде де еркін интернет қолдануларына мүмкіндік береді. Қысқаша айтқанда, интернет қызметін қолдануда университет студенттеріне барлық жағдай жасалған.

Жалпы интернеттің ғаламтор ретінде артықшылықтарына тоқталар болсақ, ең бірінші оның қолайлылығы, яғни, кез-келген уақытта іздеген материалыңды таба аласың. Екіншіден, интернетпен жұмыс істеу арқылы соңғы үлгідегі жаңа технологияларды игеру қабілетіне ие боласың, яғни, қажетті сайттарды табу, материал-

дар жинау, электронды пошта арқылы хат-хабар алмасу т.с.с.

Ал интернеттің шет тілін үйренуде халықаралық қатынастар факультетінде оқитын студенттер үшін алатын ролі зор. Ол студенттерге тек оқу материалдарын ұсынып қана қоймай, оларға жазу, тыңдау, тіпті ағылшын тілінде сөйлейтін адамдармен қарым-қатынас жасауға зор мүмкіндік береді. Мысалы, Skype.com, My language Exchange.com, Facebook, Twitter сияқты сайттар шетелдерге шықпай-ақ, студенттердің ағылшын тілінде сөйлейтін адамдармен тілдесіп, кездесу үшін таптырмас әдіс болып табылады. You.Tube.com бағдарламасы ұсынатын қызметтер күнделікті болып жатқан саяси оқиғалар мен әлем жаңалықтары туралы тегін бейне роликтермен қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, студенттер ағымдағы жаңалықтардан хабардар болу үшін интернет арқылы халықаралық деңгейде басылып шығатын түрлі газет-журналдарды да оқи алады. Жалпы айтқанда, тек болашақ халықаралық қатынастар маманы ғана емес, кез-келген мамандық иесі үшін интернеттің берері мол.

Бірақ, әрнәрсенің артықшылығы мен кемшілігі қатар жүретіні бәрімізге белгілі жайт. Бүкіл ғалам тұрғындарын бір-біріне жақындатып, ағартушы-ғалым, педагог Ы. Алтынсариннің сөзімен айтқанда, «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын» интернет ресурстарын қолдануда туындайтын кейбір мәселелер туралы айта кету – осы мақаланың басты мақсаты. Біріншіден, жоғарыда атап көрсетілгендей, студенттерді қашықтықтан оқыту жүйесіне тоқталайын. Жалпы кез келген тілді үйреткенде біз ең бірінші оның қолданылуына мән береміз, яғни тілді меңгеру үшін ол тілде сөйлеп үйрену керек. Ал, қашықтықтан оқыту жағдайында ол студенттің тілді қаншалықты меңгергенін пайымдау қиынға түспей ме? Интернет арқылы жіберген тапсырманы толығымен орындағанның өзінде ол жауапты интернет көздерінен көшіріп алмағанына, болмаса басқа біреудің көмегіне сүйеніп орындамағанына кім кепілдік бере алады? Бұл – бір мәселе. Екінші мәселе, интернеттің қарыштап дамуы оқытушы роліне қауіп төндірмейді ме? Яғни болашақта интернет оқытушының ролін алмастырмайды ма деген сауал көпті ойландыруы мүмкін. Бірақ дәл осы сауалды өз студенттеріме қойғанда, олардың «Жоқ, олай болуы мүмкін емес. Ол – техника, ол жансыз зат. Ал біздің адам боп, қоғамның пайдалы мүшесі болып қалыптасуымызда техниканың емес, оқытушының тигізер ықпалы көбірек» деген жауабы бұл қорқынышты біршама сейілткендей болды. Үшінші мәселе, студенттердің өз бетінше

ізденіп оқуларының шектелуі. Себебі, өзіміз күнде куә болып жүргендей, оларға реферат, эссе, баяндамалар, т.б жазба жұмыстарын тапсырғанда, олар әдетте осы интернет сайттарындағы дайын материалдарды әкеліп бергенге дағдыланған.

Төртіншіден, студенттердің интернет сайттарын оңды қолдана алмауы, олардан хабарсыз болуы немесе сенімсіз ақпарат көздерінен материалдар алуы. Соның нәтижесінде олар көп жағдайда тек бір адамның ғана пікірін білдіретін мәліметтерге немесе жалған ақпараттарға сүйенуге, сондай-ақ, көп уақыт бұрын енгізілген мәліметтерді еш сараптан өткізбей-ақ дайындай салуға әдеттенген. Мұндай жағдайлардың алдын-алу мақсатында оқытушылар оларға org, gov, edu сияқты сөздермен аяқталатын сайт материалдарын пайдалануды естеріне салып отырғаны жөн болар.

Келесі бір келеңсіз жайт, өкінішке орай, менің ойымша бұл барлық студент қауымына қатысты жайт болар. Ол – студенттердің аударма қызметтерін ұсынатын сайттарды жиі қолдануы. Бәрімізге белгілі, біз оқу процесі кезінде студенттерге аударма жұмыстарын жасатамыз. Олар сол аудармаға берілген тапсырмаларын жасауда көпке танымал google, prompt, translator т.с.с. аударма бағдарламаларының қызметіне жүгінеді. Мен дәріс беретін студенттердің тобын-

да өткен жылы бір жағдай орын алды. Жоғарғы курс студенттеріне бір мәтінді аударып келу тапсырылған болатын. Аударма жасап отырған студент бір түсініксіз сөйлем оқыды. Қайталап оқуын сұрағанымда « WHO-ды КТО деп аудардым, мен түсінбедім» деді. Ол КТО ағылшын тіліндегі WHO (World Health Organization) болатын. Мен егер ол студент интернеттегі аудармаға жүгінбегенде, сол қысқарған ұйым атын өзінің таба алатынына сенімді едім. Бірақ, жоғарыда атап өткендей, жаңа технологияларды дұрыс пайдалана алмасақ, оның кейбір әттеген-ай деген тұстары болмай қоймайды. Әрине, мұндай жағдайлар сирек кездеседі. Дегенмен де, студенттер интернет ресурстарын пайдаланғанда «оның техника екенін, және оның өзін адам ойлап тапқанын, және оның көмекші құрал екенін» естеріне салып отырған дұрыс болар деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, интернет біз үшін жағымды да жағымсыз дүниелерді бере алады. Әрине, оны саналы түрде қолдана алғандар үшін ол таптырмас, өте пайдалы ақпарат көзі болып табылады. Ал, кері жағдайда оның пайдасынан зияны көп болары анық.

1. English Teaching Forum – February, 2006.
2. Материалы конференции ИПС КазНУ.

Р.М. Рахимбаева

ОБЩЕКУЛЬТУРНЫЕ И ВОСПИТАТЕЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ В ОБУЧЕНИИ СТУДЕНТОВ

На современном этапе развития нашего общества одной из актуальных проблем является подготовка квалифицированного специалиста, владеющего иностранным языком и способного к профессиональному росту в условиях использования новых информационных технологий. В последнее время появилось много возможностей для установления контактов на иностранном языке как в условиях непосредственного общения с носителями языка, так и с помощью компьютерных телекоммуникаций. Тем самым перед преподавателями иностранных языков ставятся нелегкие, но перспективные задачи: научить студентов получать информацию и обрабатывать ее, используя иностранный язык как инструмент не только общения, но и познания. Данные задачи

ориентированы на постоянное приобретение и обновление знаний, необходимых будущему специалисту для организации своей профессиональной деятельности.

Важным средством, обеспечивающим создание нового информационного поля, являются телекоммуникационные проекты, которые открывают новые возможности в организации учебного процесса по иностранному языку, обеспечивают широкий доступ к информации, интерактивный диалог. Межкультурное обучение предполагает взаимодействие представителей различных культур, в том числе и виртуальное, в процессе которого открываются перспективы познания иноязычной культуры. Опыт практической работы показывает, что в подавляющем большинстве студенты